

Бәйдібек ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 370 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 қарашада № 3890 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 205 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 30.06.2017 № 205 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27 бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Бәйдібек ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бәйдібек ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары И. Түймебаева жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Танагузов

Бәйдібек ауданы әкімдігінің
16 қараша 2016 жылғы
№ 370 қаулысына қосымша

Бәйдібек ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындар

№	Ауыл округтер атауы	Орналасқан жері
1	Ағыбет	Ағыбет елді мекені, Рысқұлов көшесінің бойындағы Есіркеп Батыр мектебінің жаны
2	Ақбастау	Ақбастау елді мекені, Оспанов көшесі ескі дүкенінің жаны

3	Алғабас	Шақпақ елді мекені, С.Әбдіжаппаров көшесі почта ғимараты жанындағы алаң
4	Алмалы	Жарықбас елді мекені, "Жарықбас" клуб ғимараты жанындағы алаң
5	Бөген	Шалдар елді мекені, Ә.Қасымбеков көшесінің бойы "Үшкен-ата" дүкенінің жаны
6	Борлысай	Ақтас елді мекені, Н.Тойжанов көшесінің бойы мектептің жаны
7	Боралдай	Боралдай елді мекені, Шаян ауылына баратын тас жол шығыс жағы
8	Жамбыл	Жамбыл елді мекені, Айнақожа көшесі жергілікті полиция ғимаратының алды
9	Көктерек	Кеңестөбе елді мекені, Қостөбе көшесі, Мәдениет үйі ғимаратының жаны
10	Мыңбұлақ	Мыңбұлақ елді мекені, А.Ералиев көшесінің ескі жем шөп қойма орны
11	Шаян	М.Әуезов көшесі, "Ауыл құрылыс" ЖШС-нің алды, Шаян-Шымкент тас жолы бойындағы мал базарының алды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК